

"Алға ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 151 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 ақпандағы № 75 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 наурызда № 5315 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 4 тармағына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 151 "Алға ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3888 тіркелген, 2014 жылғы 20 мамырда аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі атауында және 1 тармағында "ставкаларды", "ставкаларымен", "ставкалар" деген сөздер "мөлшерлемелерді", "мөлшерлемелерімен", "мөлшерлемелер" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Мұратбаев

Б. Жұмабаев